



сенімді | надежное
сақтандыру | страхование

«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар Кеңесі Бекіткен**

2023 жылғы «27» сәуірдегі №02-01/12 хаттама.

2023 жылғы «5» маусымнан бастап күшіне енді.

Семей қ.

МАЗМҰНЫ:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ.....	3
3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ.....	3
4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ.....	3
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ ОҚИҒАЛАР.....	4
6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ.....	4
7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	5
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.....	6
9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ.....	6
10. ТӘУЕКЕЛ ДӘРЕЖЕСІНІҢ ӨЗГЕРУІ.....	7
11. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ.....	7
12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМ ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ.....	9
13. ФРАНШИЗА.....	11
14. СУБРОГАЦИЯ.....	11
15. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ.....	11
16. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ.....	12

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. "Мұнай сақтандыру компаниясы" АҚ, бұдан әрі – "Сақтандырушы", осы жұмыс берушінің қызметкерлер алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру Ережелерін (бұдан әрі-" Ережелер") және Қазақстан Республикасы заңнамасын жұмыс берушінің қызметкерлер алдындағы азаматтық – құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - "сақтандыру Шарты") заңды және жеке тұлғалармен – жеке кәсіпкермен (бұдан әрі - "Сақтанушы") жасасады.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Сақтандыру объектілері ретінде Сақтанушының, қызметкерлеріне еңбек міндеттерін орындауына байланысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес туындайтын, өміріне/денсаулығына келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүдделері болып табылады.
- 2.2. Сақтанушының қызметкерлеріне:
- 2.2.1. тұрақты, уақытша, маусымдық жұмыстарда тұратын жұмысшылар мен қызметшілер;
- 2.2.2. штаттан тыс жұмысшылар және сырттай жұмыс істейтіндер;
- 2.2.3. кәсіпорында өндірістік практикадан өтетін студенттер мен оқушылар жатады.
- 2.3. Қызметкерлер сақтандырылған болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Сақтандыру жағдай болып, орын алған кезде сақтандыру Шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға болып табылады.
- 3.2. Сақтандыру жағдайлары - қызметкердің келесі жағдайда еңбек міндеттерін орындау кезінде жарақаттану, улану, жылу соққысы, күйік, үсік шалу, суға бату, найзағай немесе электр тогының соғуы, биіктіктен құлау және/немесе жануарлармен жанасу нәтижесінде зақымдану салдарынан болған қызметкердің қаза табуы, мүгедектік белгілеу, қызметкердің еңбекке қабілеттілігін тұрақты жоғалтуы болып табылады:
- 3.2.1. кәсіпорын аумағында немесе жұмыс уақыты ішіндегі басқа жұмыс орнында , соның ішінде белгіленген үзілістер;
- 3.2.2. іссапарлар кезінде, сондай-ақ әкімшіліктің тапсырмасы бойынша іс-әрекеттер жасау кезінде;
- 3.2.3. кәсіпорынның көлігімен жұмысқа немесе жұмыстан бағыттаған жол бойынша екі сағат ішінде;
- 3.2.4. егер еңбек міндеттерін орындау қозғалуға байланысты жағдайда, жұмыс уақытында қоғамдық көлікте немесе жаяу жүру жолында;
- 3.2.5. жұмыс сапарлары мақсатында қолдану құқығына әкімшілік рұқсат болған жағдайда, өзінің жеке көлігінде жұмыс уақытында.
- 3.3. Сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі кезінде және сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі ішінде болған жазатайым оқиға нәтижесінде ол тоқтатылған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде басталған қаза табу, мүгедектікті белгілеуді, еңбекке қабілеттілікті тұрақты жоғалтуды сақтандыру қамтиды.

4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

- 4.1. Сақтандыру сомасы-сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін қаражат сомасы.
- 4.2. Сақтандыру сомасын Тараптар сақтандыру Шартын жасасу кезінде белгіленеді.
- 4.3. Сақтандыру Шартында анықталған мөлшерде Пайда алушы (егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмесе) болып табылатын жәбірленуші қызметкерге сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін Сақтанушы алғаны үшін соңғысына Сақтандырушы төлеуге міндетті қаражат сомасы.

- 4.4. Сақтандыру сыйлықақысы Тараптардың келісімі бойынша біржола немесе Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен не Сақтандырушының банктік шотына ақша аудару жолымен төленеді.
- 4.5. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі сақтандыру Шартында айқындалады. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын/ бірінші сақтандыру жарнасын төлеу міндеттемесі егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмесе, Тараптардың уәкілетті өкілдері сақтандыру Шартына қол қойған күні туындайды.

5. **САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ ОҚИҒАЛАР**

- 5.1. Сақтандыру шартын жасасу сәтінде I және II топтағы мүгедектігі бар қызметкерлер сақтандыруға жатпайды.
- 5.2. **Сақтандыру қызметкердің өміріне/денсаулығына келесі жағдайларда келтірілген зиянды қамтымайды:**
 - 5.2.1. қызметкердің автокөлік пайдалану арқылы, қызметтік міндеттерін орындауға байланысты емес жағдайда орын алған кез келген жол көлік оқиғасы;
 - 5.2.2. кәсіби аурулар;
 - 5.2.3. кәсіби сырқаттар қатарына жатпайтын, алайды қалыптасу себебі еңбек етудің жайсыз ортасына байланысты аурулар;
 - 5.2.4. қызметкердің өзіне жеке еңбек шартында/лауазымдық нұсқаулықта айтылғандардан өзге міндеттерді қабылдауы не өкілеттіктерін асыра пайдалануы;
 - 5.2.5. табиғи қаза, суицид, өз-өзіне қол жұмсау әрекеті, сондай-ақ жұмысшылар заңсыз әрекеттерді жасаған кезде алған жарақаттар;
 - 5.2.6. сақтандырылған қызметкер алкогольді, есірткіні немесе басқа да мас ететін заттарды қолданудан туындаған немесе тиісті жұмыстарды орындау кезінде қолдануға қарсы болатын дәрі-дәрмектердің әсерінен кез келген нысандағы мас күйінде болған болса;
 - 5.2.7. егер сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, иондаушы сәулеленудің және енетін сәулеленудің кез келген әсеріне байланысты жарақаттар;
 - 5.2.8. асбестті немесе одан жасалған бұйымдарды қазып шығару, өңдеу және өндіріс кезінде алынған, сондай-ақ оның ағзаға әсеріне байланысты жарақаттар;
 - 5.2.9. "форс-мажорлық" мән-жайлар нәтижесінде алған жарақаттар (еңсерілмейтін күштің әрекеттері);
 - 5.2.10. Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек туралы заңнамасын бұза отырып, Сақтанушы жалдаған қызметкерлердің алған жарақаттары;
 - 5.2.11. психикалық жарақат, депрессия, сананың және психикалық ауытқулар, есеңгіреу, нәсілдік немесе жыныстық кемсітушілік, жала жабу;
 - 5.2.12. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларының сақталуын қадағалауды және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар Сақтанушыға салған айыппұлдар мен өндіріп алулар, сондай-ақ әлеуметтік сақтандырудың бюджеттік қорлары тарапынан Сақтанушыға қойылған талап-арыздар.
- 5.3. Сақтандыру санаторий-курорттық емделуге, басқа мамандыққа даярлауға жұмсалатын шығындарды өтемейді.
- 5.4. Жерлеуге қажетті шығындар, еске алу түскі астарын өткізуге арналған шығындар өтеуге кірмейді.

6. **САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ**

- 6.1. Егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмеген болса, сақтандыру Шарты 1 (бір) жылға жасалады.
- 6.2. Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді және егер сақтандыру шартында өзгесі белгіленбесе, оның қолданылу мерзімінің соңғы күнінде өзінің қолданысын тоқтатады.

- 6.3. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына қаражат түскен күн болып есептеледі.
- 6.4. Егер сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, Қазақстан Республикасы сақтандыру аумағы болып табылады.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Сақтандырушы міндеттері:

- 7.1.1. Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыру;
- 7.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушы және оның мүлдітік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеу;
- 7.1.3. Сақтанушыға сақтандыру жағдайында шығындарды азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеу;
- 7.1.4. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 7.1.5. сақтандыру Шартында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.
- 7.1.6. сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы өтініш берілген сәттен бастап күнтізбелік 60 күн өткеннен кейін, Сақтандырушыға құжат тапсыру қажеттілігі туралы ескертумен бірге, электронды поштаға немесе (өтініште көрсетілген мекенжайға қолма қол) хат бағыштау әдіспен тиісті түрде хабарлайды.

7.2. Сақтанушы міндеттері:

- 7.2.1. сақтандыру сыйлықақысын уақтылы және толық мөлшерде төлеу;
- 7.2.2. сақтандыру Шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның басталуынан болатын болжамды залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар Сақтанушыға белгілі мән-жайларда хабарлау;
- 7.2.3. сақтандыру Шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру объектісіне қатысты барлық қолданыстағы немесе жасалатын сақтандыру шарттары туралы хабарлау;
- 7.2.4. Сақтандырушыға Сақтанушы қайта қабылдаған қызметкерлер туралы ақпаратты жазбаша нысанда беру және Сақтандырушыға сақтандыруға жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті.
- 7.2.5. Сақтандырушыға өзіне белгілі болған, сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса дереу хабарлау;
- 7.2.6. сақтандыру Шартында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасау.

7.3. Сақтандырушының құқықтары:

- 7.3.1. оған ұсынылған ақпараттар мен құжаттарды тексеру;
- 7.3.2. Сақтанушының келісімімен сотта іс жүргізуді өзіне қабылдау;
- 7.3.3. тәуекел дәрежесі жоғарылаған жағдайда сақтандыру шартына өзгерістер енгізуді талап ету. Сақтанушы келіспеген жағдайда, Сақтандырушының сақтандыру шартында көзделген тәртіппен сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7.3.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттер жасау;
- 7.3.5. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген сәттен бастап 90 күнтізбелік күн өткен соң Осы Ережелердің 12-тарауы 12.7-тармақ 12.7.1-12.7.15. тармақшаларда жазылған сақтандыру жағдайының басталу фактісін және залалдың мөлшерін растайтын құжаттар Сақтандырушыға ұсынылмаған жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту.

7.4. Сақтанушының құқықтары:

- 7.4.1. Сақтандырушыдан сақтандыру Шартының қолданылу ережелері мен тәртібін түсіндіруді талап ету;
- 7.4.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттер жасау;

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Сақтандыру Шартын жасасу үшін сақтанушы сақтандырушыға беруге міндетті құжаттар:
 - 8.1.1. белгіленген нысандағы сақтандыруға жазбаша өтініш;
 - 8.1.2. жетекші мен жұмыспен қамтушының есепшісі қол қойған және жеке мөрімен куәландырылған сақтандырылушылардың дербестендірілген тізімі;
 - 8.1.3. мамандықтар бойынша бөлінген жылдық жалақы қоры туралы қаржылық деректер;
 - 8.1.4. сақтандырудың алдындағы үш жылдағы өндірістік жарақаттану статистикасы.
- 8.2. Сақтандырушының талабы бойынша сақтанушы сақтандыру кезіндегі қызметкерлердің денсаулық жағдайы жөніндегі медициналық қорытынды беруі тиіс.
- 8.3. Сақтанушы сақтандыру Шартын жасасу кездегі берілген деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауап береді және Сақтандырушыға сақтандыру объектісіне қатысты тәуекел дәрежесін айқындау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті. Сондай-ақ, Сақтанушы тәуекел дәрежесін анықтау мақсатында Сақтандырушы қойған барлық сұрақтарға шынайы жауаптар беруге міндетті.
- 8.4. Сақтанушы қайта қабылдаған қызметкерлер туралы ақпаратты, оларды жұмысқа қабылдаған сәттен бастап 7(жеті) күн ішінде Сақтанушы Сақтандырушыға жазбаша нысанда ұсынады және Сақтандырушыға сақтандыруға жаңадан қабылданған жұмыскерлер үшін қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлейді.
- 8.5. Жаңадан қабылданған жұмыскерлерге қатысты сақтандыру өтемі тек Сақтанушының қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда ғана әрекет етеді. Жаңадан қабылданған қызметкерлерге қатысты сақтандыру қорғанысы Сақтанушы жаңадан қабылданған қызметкерлер туралы сақтандырушыны тиісінше хабардар еткен және қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда оларды тиісті бұйрыққа сәйкес жұмысқа қабылдаған күннен басталады.
- 8.6. Сақтандыру Шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша ресімделген және Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған болса заңды күшіне ие болады.
- 8.7. Тараптардың бірі бұл туралы сақтандыру шарты тоқтатылған және сақтандыру сыйлықақысы төленген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлаған жағдайда, Тараптардың өзара келісімімен сақтандыру Шарты келесі мерзімге ұзартыла алады.

9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- 9.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде **Сақтанушы міндеттері**:
 - 9.1.1. адамдардың өмірін сақтап қалу үшін барлық мүмкін және орынды шараларды қабылдау;
 - 9.1.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазатайым оқиға туралы акт құрастыру;
 - 9.1.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазатайым оқиға туралы құзыретті органдарға хабарлау;
 - 9.1.4. дереу, бірақ кез-келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлама фактісін объективті тіркеуге мүмкіндік беретін кез келген қолжетімді тәсілмен сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау;
 - 9.1.5. жазатайым оқиғаларды тергеу жөніндегі комиссияның жұмысы басталғанға дейін егер бұл қалыптасқан жағдай жұмысшылардың қауіпсіздігіне қауіп төндірмесе, жұмыс күйін сол қалпында сақтау;
 - 9.1.6. сақтандырудың себептерін, барысы мен салдарын анықтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті;
 - 9.1.7. Сақтандырушыға, сақтандыру жағдайының себептерін, барысы мен салдарын, келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерін бағалауға мүмкіндік беретін, қолда бар барлық ақпарат пен құжаттаманы ұсыну;

- 9.1.8. Сақтандырушы өз өкілін тағайындауды қажет деп тапқан жағдайда сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушының да, Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін-аталған Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға осындай мүдделерді қорғау үшін сенімхат немесе өзге де қажетті құжаттар беру. Сақтандырушының сотта Сақтанушының мүддесін білдіруге немесе сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтанушының құқықтық қорғалуын өзгеше түрде жүзеге асыруға құқығы бар, бірақ міндетті емес.
- 9.1.9. сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге, оның ішінде, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сараптама өндірісіне ақы төлеу, мамандарды тарту және консультациялар беру, қажетті құжаттарды жинау және т.б.
- 9.2. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама алғаннан кейін **Сақтандырушы міндетті:**
- 9.2.1. сақтандыру төлемінің сомасын есептеуді жүргізу;
- 9.2.2. сақтандыру төлемін осы Ережелерде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асыру.

10. ТӘУЕКЕЛ ДӘРЕЖЕСІНІҢ ӨЗГЕРУІ

- 10.1. Сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы/Сақтандырылушы егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру Шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.
- 10.2. Тәуекел дәрежесі жоғарылаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру шартына өзгерістер енгізуді талап етуге құқылы. Сақтанушы келіспеген жағдайда, Сақтандырушының Ережелерде және сақтандыру Шартында көзделген тәртіппен сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар;

11. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

- 11.1. Сақтандыру Шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша ресімделген және Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған болса заңды күшіне ие болады.
- 11.2. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылады:
- 11.2.1. әрекет ету мерзімінің аяқталуы;
- 11.2.2. Сақтандырушының сақтандыру Шарты бойынша Сақтанушы алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы;
- 11.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтанушының таратылуы/қайтыс болуы немесе Сақтандырушының таратылуы;
- 11.2.4. соттың сақтандыру Шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы;
- 11.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда.
- 11.3. **Сақтандырушының келесі жағдайларда Ережелерде қарастырылған тәртіпте, сақтандыру шартын бұзу құқығы бар, егер:**
- 11.3.1. сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі ішінде өндірістегі бір үлгідегі жазатайым оқиғалар Сақтанушының еңбек туралы заңнаманың және еңбекті қорғау жөніндегі қағидалардың сақталуын қамтамасыз ете алмауының нәтижесінде ұдайы (кемінде үш рет) қайталанса;
- 11.3.2. Сақтанушыға еңбек ұжымы/Сақтандырушы өндірістегі қауіпті жағдай туралы хабардар еткен, алайда оларды жою үшін қажетті алдын алу шараларын қолданбаған, соның салдарынан жазатайым оқиға орын алған болса;
- 11.3.3. егер сот өндірістегі жазатайым оқиғаны Сақтанушының салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын немесе қауіпсіздік техникасын бұзуының нәтижесі деп тану туралы шешім шығарса;
- 11.4. Сақтандыру шарты Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша, сондай-ақ тараптардың өзара келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

- 11.5. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Тараптар бір бірін сақтандыру Шартын тоқтатудың болжамды күнінен кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын хабардар етуге міндетті.
- 11.6. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, сақтандыру шарты келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
 - 11.6.1. сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқан кезде;
 - 11.6.2. Сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылушының ауыстырылмаған кезде қайтыс болуы;
 - 11.6.3. Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірген, ал сақтандыру шартында өзгесі белгіленбеген жағдайда Сақтандырушы мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;
 - 11.6.4. осы қызметке байланысты өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметін белгіленген тәртіпте тоқтатуы;
 - 11.6.5. сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығы жойылып, сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзгеше мән-жайлар бойынша тоқтаған кезде. Көрсетілген жағдайларда сақтандыру шарты, сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі Тарап екінші Тарапты дереу хабардар етуге тиіс.
- 11.7. Егер сақтандыру Шартының талаптарында өзгесі көзделмесе, Сақтандырушының сақтандыру шартын тоқтатудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын Сақтанушыны хабардар етіп, сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.
- 11.8. Тараптардың бірі бұл туралы сақтандыру шарты тоқтатылған және сақтандыру сыйлықақысы төленген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлаған жағдайда, Тараптардың өзара келісімімен сақтандыру Шарты келесі мерзімге ұзартыла алады.
- 11.9. Осы Ережелердің 11.9.1-тармағында сипатталған жағдайларды қоспағанда, Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қолданыстағы нұсқасында көзделген шарттар бойынша, Сақтандырушы Сақтанушыға келесі формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады:

$(100\% - 30\%) * (TCC - CC * i/N)$, мұнда:

30% - Сақтандырушының істі жүргізуге арналған шығыстары;

TCC-сақтандыру Шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;

CC-сақтандыру Шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;

i- Пайдаланылған күндер саны (жүгінген күні пайдаланылмаған болып есептеледі);

N-сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі (күндермен).

Сақтанушы - жеке тұлғаның талабы бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, ол Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қолданыстағы нұсқасында көзделген шарттар бойынша, жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушыға мынадай формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады:

$(100\% - 10\%) * (TCC - CC * i/N)$, мұнда:

10%- Сақтандырушының істі жүргізуге арналған шығыстары;

TCC-сақтандыру Шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;

CC-сақтандыру Шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;

i- Пайдаланылған күндер саны (жүгінген күні пайдаланылмаған болып есептеледі);

N-сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі (күндермен).

- 11.10. Сақтанушы шарттан бас тартқан кезде (ҚР АҚ 841-бабының 2-тармағы), егер бұл ҚР АҚ 841-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде, ҚР АҚ 842-бабы 2-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген мән-жайлармен байланысты болмаса, егер шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМ ТӨЛЕУДЕН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

- 12.1. Сақтандыру төлемінің мөлшері әрбір сақтандыру жағдайы бойынша егер сақтандыру шартында көзделетін болса, франшизаны шегергендегі қызметкерге мертігу немесе денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан келтірілген зиян үшін сақтанушының жауапкершілігі мөлшеріне қарай айқындалады. Бір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі сақтандыру шартында белгіленген бір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтанушы ресімдейтін жазатайым оқиға туралы актіде көрсетілген жазатайым оқиға басталған кезде Сақтанушының (жұмыс берушінің) кінәсінің дәрежесіне сәйкес жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушы осы қызметкерге қатысты сақтандыру сомасы мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемі арасындағы айырма мөлшерінде жауапкершілікті жалғастырады. Сақтандыру шарты бойынша төлемдердің жалпы сомасы жалпы сақтандыру сомасынан аспауға тиіс.
- 12.2. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру Шартта белгіленеді.
- 12.3. Сақтандырылушының қайтыс болғаны үшін сақтандыру төлемінің сомасы бір сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын мүгедектікті белгілегені үшін не еңбекке қабілеттілігін жоғалтқаны үшін жүргізілген сақтандыру төлемдер сомасына азаяды.
- 12.4. Қызметкерге мүгедектік белгілегені үшін сақтандыру төлемінің сомасы бір жазатайым оқиғаның салдарынан болған еңбекке қабілеттілігін тұрақты жоғалтқаны үшін жүргізілген сақтандыру төлем сомасына азаяды.
- 12.5. Сақтандырылушыға Сақтандыру төлемі Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда – сақтандырылған қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зиянды өтетуге құқығы бар тұлғаларға жүргізіледі.
- 12.6. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылған сақтандыру сомасы шегінде осы Сақтандырылушыға қатысты жауапкершілік артуын жалғастырады.
- 12.7. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, **сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемінен бас тарту шешімін қабылдау үшін Сақтанушы/жәбірленуші ұсынатын келесі құжаттар негіз болып табылады:**
- 12.7.1. Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтініш;
- 12.7.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтанушы құрастырған жазатайым оқиға туралы акт.
- 12.7.3. стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді;
- 12.7.4. Жұмыс берушінің бухгалтериясы жүргізген еңбекке жарамсыздықтың барлық күндері үшін жоғалған табыс сомасын есептей отырып, жасалған еңбекке жарамсыздық парақтары;
- 12.7.5. медициналық мекеменің қорытындысы және мүгедектікті белгілеу туралы құзыретті органның анықтамасы;
- 12.7.6. қайтыс болу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 12.7.7. сақтандырылған қызметкердің қаза табуына байланысты залалды өтеуге құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары, оның ішінде туу туралы куәліктердің, неке

- туралы куәліктердің нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 12.7.8. әрбір медициналық препараттың атауын, рәсімін, дәрігерлерді қабылдауын, олардың саны мен құнын көрсете отырып, фискалдық чек пен тауарлық чектің (фактура шотының, төлем туралы түбіртектің) түпнұсқалары; емдеуші дәрігерді медициналық препараттарды қабылдауға, рәсімдерден өтуге, олар үшін шоттар қойылған дәрігерлерді қабылдауға жазып берген қағазы;
- 12.7.9. сақтандыру жағдайына байланысты жәбірленушіге көрсетілген қызметтердің атауы мен санын көрсете отырып, фискалдық чектің және тауарлық чектің (фактура шотының, төлем туралы түбіртектің) түпнұсқалары; қызмет көрсету қажеттілігін растайтын құзыретті органдардың құжаттары;
- 12.7.10. қажет болған жағдайда стационарлық науқастың сырқатнамасы, амбулаториялық науқастың медициналық картасы, рентген суреттері;
- 12.7.11. уәкілетті адамдар куәландырған қылмыстық іс қозғалған жағдайларда жазатайым оқиғаның басталу фактісіне құзыретті органдардың тиісті құжаттарының көшірмелері;
- 12.7.12. бас бухгалтердің және ұйымның бірінші басшысының қолымен және ұйымның мөрімен жәбірленуші қызметкердің орташа айлық жалақысы туралы анықтама;
- 12.7.13. жәбірленуші Сақтанушының қызметкерлер штатында екендігі туралы кадрлар бөлімінен оның жұмысқа қабылданған күні мен лауазымы көрсетілген анықтама;
- 12.7.14. жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжат; жәбірленушінің ЖСН; сақтандыру төлемін аудару үшін жәбірленуші/пайда алушы шотының банк деректемелері;
- 12.7.15. жәбірленуші өкілінің сақтандыру төлемін алуға сенімхатының түпнұсқасы;
- 12.8. Егер ұсынылған құжаттар мен мәліметтерде, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін, оның ішінде сақтандыру шарты бойынша өтелуге жататын келтірілген зиянның мөлшерін айқындау үшін, зиян келтіруге әкеп соққан сақтандыру оқиғасының сипатын, себептері мен мән-жайларын белгілеу үшін, сақтандырушының зиян келтірген адамға (зиян келтіруге жауапты) талап ету құқығын іске асыруы үшін қажетті ақпарат болмаса, сондай-ақ қарама қайшы мәліметтер берілген болса, Сақтандырушының Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемі / сақтандыру төлемінен бас тарту туралы негізделген шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты сұрату себептерін түсіндіре отырып, дәлелді хат жіберу арқылы қосымша ақпарат сұрату құқығы бар.
- 12.9. **Сақтандыру төлемі келесі жағдайларда жүзеге асырылмайды:**
- 12.9.1. Егер сот Сақтанушының сақтандыру тәуекелінің дәрежесін айқындау үшін елеулі маңызы бар міндеттемелер туралы дұрыс емес және жалған мәліметтерді әдейі хабарлағанын анықтаса;
- 12.9.2. егер Сақтанушы осы Ережелерде белгіленген мерзімді бұза отырып, сақтандыру жағдайы туралы жазбаша өтініш берсе;
- 12.9.3. қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;
- 12.9.4. Сақтанушының қызметкерлердің өмірін құтқару жөнінде шараларды қасақана қабылдамауы;
- 12.9.5. егер Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуын тергеп тексеруге және залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі жасаса;
- 12.9.6. Сақтанушы адамға зиян келтіргені үшін кінәліге немесе оған қойылатын талаптардың іске асырылуын қамтамасыз ететін құқықтардан шағымданудан бас тартқан кезде, сондай - ақ Сақтанушы регрессиялық талап қою тәртібімен зиян келтірушіден өндіріп ала алатын сомаға регрессиялық талап қою үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартқан кезде.
- 12.10. Сақтанушы Сақтанушының моральдық зиянын өтемейді.
- 12.11. Сақтандыру шартының талаптарын, Ережелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтамау Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға әкеп соғады. Сақтандырушыны Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін

жүзеге асырудан босатады.

- 12.12. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға және сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға және барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде Сақтанушыға жазбаша дәлелді хабарлама жіберуге міндетті.
- 12.13. Сақтандыру төлемі ай сайынғы төлемдермен жүзеге асырылады. Өз қалауы бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемінің сомаларын біріктіруге және сақтандыру төлемін бір рет, бірақ сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жылдан аспайтын кезең үшін жүзеге асыруға құқылы. Шоғырландыру кезеңі өткеннен кейін Сақтанушы/пайда алушы сақтандыру төлемін одан әрі жүзеге асыру үшін сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттарды қайта ұсынуға міндетті.
- 12.14. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы егер жауапкершіліктің неғұрлым жоғары мөлшері сақтандыру шартында көзделмесе, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауаптылық артады.
- 12.15. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына Сақтанушы сот арқылы шағымдана алады.
- 12.16. Сақтандырушығы құжаттар тапсыру қажеттілігі туралы ескертумен бірге хат жолдау жолымен Сақтандырушы 60 күнтізбелік күн өткеннен кейін Сақтанушының/Пайда алушыны тиісті түрде хабардар еткен жағдайда, сақтандыру жағдайы басталғаны туралы өтінішті Сақтандырушыға берген сәттен бастап 90 күнтізбелік күн өткеннен кейін, осы Ережелердің 12 тарауы, 12.7. тармағының 12.7.1. - 12.7.15. тармақшаларында белгіленген құжаттарды тапсырмаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуға құқылы.

13. ФРАНШИЗА

- 13.1. Сақтандыру шартында Сақтандырушымен өтелмейтін мөлшер -франшиза қарастырылуы мүмкін. Франшиза шартты немесе шартсыз болуы мүмкін және сақтандыру сомасына пайызбен де, абсолютті мөлшерде де белгіленуі мүмкін. Шартты (шегерілмейтін) франшиза кезінде Сақтандырушы франшиза сомасынан аспайтын залал үшін жауап бермейді, бірақ залал мөлшері франшиза сомасынан асып кетсе, залалды толығымен өтейді. Шартсыз (шегерілетін) франшиза кезінде залал барлық жағдайларда франшиза сомаларын шегергенде өтеледі.

14. СУБРОГАЦИЯ

- 14.1. Сақтандыру төлемін жүргізген Сақтандырушыға, төленген сома шеңберінде Сақтанушының келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қатысты иеленетін талап ету құқығы. Сақтанушы Сақтандырушыға залалды өтеуді талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды беруге міндетті.
- 14.2. Егер Сақтанушы өзінің талап ету құқығын Сақтандырушы өтеме жасаған, келтірілген зиян үшін жауапты тұлға пайдасына бас тартса немесе осы құқықты жүзеге асыру Сақтанушының/Пайда алушының кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

15. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ

- 15.1. Сақтандыру Шартын жасасу кезінде және оның қолданылу кезеңінде Сақтанушы Сақтандырушыға осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша қолданыстағы/жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы хабарлауға міндетті.
- 15.2. Қосарланған сақтандыру кезінде әр Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасалған шарт шегінде жауап береді, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

16. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

- 16.1. Тараптар арасындағы қайшылықтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.